

«Күләш Байсейітова

атындағы

Қазақ ұлттық өнер университеті»

РММ Ғылыми кеңесінің

шешімінен


БЕКІТІЛДІ

«23» 04

2025ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

 Г. А. Ахмедьяров



**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
білім беру бағдарламасы**

02140100 – Сәндік-қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік (бейіні бойынша).

«4S02140104 – Сәндік-қолданбалы өнер суретшісі» біліктілігі

Мамандық атауы және коды	Біліктілік	Негізде	Топ
02140100 – Сәндік-қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік (бейіні бойынша)	4S02140104 – Сәндік-қолданбалы өнер суретшісі	9 сынып	қазақ, орыс

Алдын ала шығармашылық байқау

Кәсіби бейнелеу өнері мамандығы бойынша БСМ, БӨМ бітіру туралы аттестат.

Қабылдау комиссиясына талапкер 15-20 дана аралығында сурет және кескіндеме жұмыстарын ұсынады. Осы жұмыстар негізінде негізгі шығармашылық емтихандарға жіберу мәселесі шешіледі.

1 БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:

Сурет (Орындалу уақыты – 8 сағат; 1 күн)

Емтихан тапсырмасы – **гипстен жасалған розетка.**

Материал – Графит қарындаш, А2 форматты ватман қағазы.

Емтихан суретіне қойылатын талаптар:

- Нысанды парақта композициялық орналастыру;
- Құрылыстық сурет және пропорция дәлдігі;
- Жалпыдан жекеге қарай тондық қатынастар;
- Деталдарды жан-жақты тонмен бейнелеу;
- Нақты ұқсастықты жасау.

КЕСКІНДЕМЕ

(Орындалу уақыты – 8 сағат; 1 күн)

Емтихан тапсырмасы – **натюрморт**.

Екі-үш тұрмыстық заттан тұратын, пішіні қарапайым, түсі анық, материалы әртүрлі натюрморт,

біртүсті мата фонында. Жұмыс табиғи жарықта орындалады.

Материалдар – акварель, А2 форматты ватман қағазы.

Кескіндеме емтиханына қойылатын талаптар:

- Композициялық орналастыру;
- Сызықтық салу;
- Түс және тон бойынша дұрыс шешім;
- Детальдардың аяқталғандығы.

2 ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН: КОМПОЗИЦИЯ

Сәндік натюрмортты салу

Өтініш берушінің таңдауы бойынша материал (акварель немесе гуашь, А2 қағазы және т.б.).


Емтиханға қойылатын талаптар:

Тапсырушы бір немесе бірнеше эскиз нұсқаларын жасайды. Өтініш беруші бақылау мен қиялға негізделген өз идеясын бейнелі түрде жеткізу қабілетін көрсетуі керек.

«Сәндік-қолданбалы өнер суретшісі» мамандығы бойынша тапсыратын талапкерлер келесі материалдарды өздерімен бірге әкелуі қажет:

1. Қағаз: А3, А4 – акварельдік, А2 форматты ватман, палитраға арналған қағаз.
2. Қарапайым қарындаштар (қатты – Н, Н1; жұмсақ – В, В1; орташа – НВ).
3. Өшіргіш.
4. Түсті қарындаштар.
5. Құрғақ немесе майлы пастель.
6. Бояулар (балсыз акварель, балсыз гуашь).
7. Қылқаламдар (жалпақ №№ 6, 8; домалақ №№ 3, 4).
8. Су құюға арналған ыдыс.
9. Палитра.
10. 50x70 планшет.

«Сценография, сәндік өнер,
кескіндеме және мүсін» ПЦК төрағасы

 Маханбетжанова Г. М.

«Сценография және сәндік өнер»

кафедра меңгерушісі

 Могильная А. В.